

"Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 12 қазандағы № 480 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 қарашада № 8878 тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексі 116-бабының 4-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2011 жылғы 15 тамызда № 7126 болып тіркелген, 2012 жылғы 5 маусымдағы, № 292-297 (27371) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

№ ОС-1 нысанының ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:
«№ ОС-1 нысаны бойынша акт 2310 «Жер», 2320 «Ғимараттар», 2330 «Құрылыстар», 2340 «Беріліс қондырғылары», 2350 «Көлік құралдары», 2360 «Машиналар және жабдықтар», 2370 «Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы», 2380 «Өзге негізгі құралдар», 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шоттары бойынша негізгі құралдарды және 510 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік» шоты бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ концессия шарттары бойынша ұзақ мерзімді активтерді қабылдап алу-беруді (тасымалдауды) ресімдеу үшін қолданылады. № ОС-1 нысаны бойынша акт әрбір жеке объектіге (зат, жинақ) екі данада жасалады. Біртекті және құны бірдей машиналар, аппаратура, аспаптар, шаруашылық мүкәммал және жабдық үшін бірнеше объектілерді (заттарды) қабылдауға жалпы № ОС-1 нысаны бойынша жалпы акті жасауға жол беріледі.

Негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс және инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін (заттарын) қабылдау үшін мемлекеттік мекеме басшысының өкімімен (бұйрығымен) комиссия құрылады. № ОС-1 нысаны бойынша актіні мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді.

№ ОС-1 нысаны бойынша акті ресімделгеннен кейін бухгалтерлік қызметке беріледі . Актіге осы объектіге (затқа) қатысты техникалық құжаттама қоса беріледі. Осы құжаттардың негізінде бухгалтерлік қызмет объектіге түгендеу нөмірін береді және есептеу тіркеулерінде тиісті жазбалар жүргізеді.

Жеке заттарды қабылдауды тікелей бастапқы құжаттар (шот-фактуралар мен басқа да бастапқы құжаттар) негізінде ресімдеуге жол беріледі.

Материалдық жауапты адамдар түсуі туралы алғашқы құжаттарда объектілерді (заттарды) жауапты сақтауға қабылдау қолхатынан басқа, оларды түгендеу нөмірін көрсете отырып, № ОС-13 нысаны бойынша ұзақ мерзімді активтерді түгендеу тізіміне олардың жазылғаны туралы (олардың орналасқан жері мен пайдаланылуы бойынша) белгі жасауы тиіс.» ;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшада:

№ НОС-1 нысанының ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«2710 «Материалдық емес активтер» шоты бойынша материалдық емес активтердің объектілерін қабылдап алу-тапсыруды және концессия шарттары бойынша ұзақ мерзімді активтерді қабылдап алу-беруді (орнын ауыстыруды) ресімдеу үшін қолданылады. № НОС-1 нысаны бойынша актіде материалдық емес активтер түрінің нақты атауы, оны мемлекеттік мекемеге беру күні, объектінің сипаттамасы, оның өзіндік құны (бастапқы құны), амортизация нормасы және материалдық емес активтерді қабылдап алу-беру үшін қажетті басқа да деректер көрсетіледі.

Материалдық емес объектілерді қабылдауды ресімдеу кезінде № НОС-1 нысаны бойынша акт материалдық емес активтердің әрбір объектісіне бір данада жасалады. Бірнеше біртекті материалдық емес активтерді қабылдауды ресімдейтін № НОС-1 нысаны бойынша жалпы акті жасауға жол беріледі. № НОС-1 нысаны бойынша акт ресімделгеннен кейін материалдық емес активтердің объектісін, оны пайдалану тәртібін сипаттайтын құжаттаманы, сондай-ақ осы объектіге қатысты мемлекеттік мекеменің осы немесе өзге мүліктік құқығын растайтын құжатты қоса бере отырып, бухгалтерлік қызметке беріледі, оған бас бухгалтер немесе ол уәкілеттік берген адам қол қояды және мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді. Материалдық емес активтерді өзге мемлекеттік мекемеге берген (сатқан, ақысыз берген) кезде № НОС-1 нысаны бойынша акт материалдық емес активтерді тапсырушы және қабылдаушы мемлекеттік мекеме үшін екі данада жасалады.» ;

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшада:

№ ОС-3 нысанының ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«№ ОС-3 нысаны бойынша акт 2310 «Жер», 2320 «Ғимараттар», 2330 «Құрылыстар», 2340 «Беріліс қондырғылары», 2360 «Машиналар және жабдықтар», 2380 «Өзге негізгі құралдар», 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шоттары бойынша негізгі құралдардың жекелеген объектілерін және 2510 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік» шоты бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығаруды ресімдеу үшін қолданылады .

№ ОС-3 нысаны бойынша актіде есептен шығаруға объектілерді сипаттайтын мынадай деректер көрсетіледі: объектіні дайындау немесе салу (құрылысын аяқтау) жылы, оның мемлекеттік мекемеге түскен жылы немесе пайдалануға енгізілген уақыты,

объектінің өзіндік құны (алғашқы құны), бухгалтерлік есептің деректері бойынша жинақталған амортизация сомасы, жүргізілген күрделі жөндеулер саны және объектіні сипаттайтын басқа да деректер.

Негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісін істен шығарудың себептері егжей-тегжейлі көрсетіледі, негізгі бөліктердің, бөлшектердің, тораптардың, конструктивтік элементтердің техникалық сипаттамасы беріледі.

Негізгі құралдарды, аяқталмаған құрылысты және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығаруға арналған № ОС-3 нысаны бойынша актіні комиссия екі данада жасайды және мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді. № ОС-3 нысаны бойынша актінің бір данасы негізгі құралдарды, аяқталмаған құрылысты және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару есебінде көрсету үшін бухгалтерлік қызметке беріледі, екінші данасы материалдық-жауапты адамда қалады және негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті жоюдан алынған жарамды тораптар мен бөлшектерді, сынықты, ескі-құсқы мен өзге қосалқы бөлшектерді қоймаға тапсыру үшін негіз болады. № ОС-3 нысаны бойынша есептен шығаруға арналған актіні бекітуге дейін негізгі құралдарды, аяқталмаған құрылысты және инвестициялық жылжымайтын мүлікті бөлшектеуге және бұзуға жол берілмейді.

«Келісілді» деген гриф мемлекеттік мекеме негізгі құралдарды, аяқталмаған құрылысты және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығаруға арналған актілерді жоғары тұрған мемлекеттік органмен/тиісті саладағы уәкілетті органмен келіскен жағдайда толтырылады.»;
көрсетілген бұйрыққа 9-қосымшада:

№ ОС-6 нысанының ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«№ ОС-6 нысанының түгендеу карточкасы мемлекеттік мекемелерде ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты емес жануарлардан (өнімді мал), өсімдіктерден басқа, 2310 «Жер», 2320 «Ғимараттар», 2330 «Құрылыстар», 2340 «Беріліс қондырғылары», 2350 «Көлік құралдары», 2360 «Машиналар және жабдықтар», 2370 «Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкәммал», 2380 «Өзге негізгі құралдар» шоттары бойынша және 2510 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік» шоты бойынша негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті, оның ішінде ғимараттарды, құрылыстарды және беріліс қондырғыларын, машиналарды және жабдықтарды, өндірістік (тиістілікті қоса алғанда) және шаруашылық мүкәммалды, көлік құралдарын және басқа да негізгі құралдарды есепке алуға, сондай-ақ концессия шарттары бойынша ұзақ мерзімді активтерді есепке алуға арналған.

№ ОС-6 нысанды түгендеу карточкасында жазбалар мынадай бастапқы құжаттар: пайдалануға енгізу туралы қабылдау актілері, әзірлеуші зауыттардың техникалық паспорттары және басқа да бастапқы құжаттар негізінде жүргізіледі. № ОС-6 нысанды түгендеу карточкасында объектілердің (заттардың) мынадай өзіне тән белгілері: сызба,

модель, үлгі, маркасы, зауыттық нөмірі, шығару (әзірлеу) күні, негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті пайдалануға енгізу актісінің нөмірі көрсетіледі.

№ ОС-6 нысанды түгендеу карточкасына жинақталған амортизация сомасы теңгемен, амортизация нормасы, амортизация соңғы рет есептелген ай мен жыл жазылады. Бұл ретте 13 «Жиналған амортизация сомасы, теңге» және 14 «Амортизация соңғы рет есептелген ай мен жылы» бағандары ұзақ мерзімді актив шығарылған кезде толтырылады. 8 «Қаржыландыру (түсім) көзі» бағанында: бюджеттік - 5011 «Бюджет қаражаты есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 5012 «Сыртқы қарыздар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 6010 «Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін табыс» қосалқы шоттары/шоттары бойынша немесе бюджеттен тыс - 6050 «Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін табыс», 6110 «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түсетін табыстар», 6330 «Активтерді ақысыз алудан түсетін табыс» шоттары бойынша негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті қаржыландыру (түсім) көзі көрсетіледі.

«Объектінің қысқаша жеке сипаттамасы» бөлімінде негізгі объектінің сондай-ақ оған жататын маңызды құрылыстардың, қондырғылардың және жабдықтардың негізгі сапалық және сандық көрсеткіштері ғана жазылады. Егер жабдықтардың, құралдардың, есептеу техникаларының және басқа жабдықтардың құрамында қымбат бағалы металдар бар болса, онда құрамында қымбат бағалы металдар бар бөлшектердің тізбесі, бөлшектің атауы және техникалық паспортта көрсетілген металдың салмағы көрсетіледі.

Егер объект сипаттамасының сапалық және сандық көрсеткіштері реконструкциялау, қосымша құрылыс салу және жаңғырту нәтижесінде айтарлықтай өзгерсе, онда ол бойынша есепке алынған бұрынғы түгендеу карточкасын (жаңғыртылған немесе реконструкцияланған объектілерді тұтастай алғанда сипаттайтын ондағы барлық көрсеткіштерді көрсету қиын болған жағдайда) жаңасымен ауыстыруға рұқсат етіледі. Бұрынғы түгендеу карточкасы анықтамалық құжат ретінде (карточканы ауыстыру туралы міндетті түрде белгі соға отырып) сақталады.»;

көрсетілген бұйрыққа 10-қосымшада:

№ ОС-8 нысанының ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«№ ОС-8 нысанды түгендеу карточкасы 2383 «Өзге негізгі құралдар» қосалқы шоты бойынша өнімді малды жеке есептеу үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты емес көп жылғы екіпелер мен жерді (құрылыс салынбаған) жақсарту бойынша күрделі шығындарды есептеу үшін қолданылады.

№ ОС-8 нысанды түгендеу карточкасы жануарларды топтық есепке алу үшін де қолданылуы мүмкін.

Жануарлардың қысқаша жеке сипаттамасы, олардың толық сипаттамасы тиісті зоотехникалық құжаттамада толық көрсетілгендіктен, карточкада көрсетілген негізгі көрсеткіштермен шектеледі.

Көп жылғы екпелер түгендеу объектілері бойынша тұқымы, егілген түптердің саны және алаңы көрсетіліп, ескеріледі. Объектінің құнына жұмыстың барлық кешенін аяқтауға қарамастан, пайдалануға қабылдаған алаңдарға қатысты шығындар қосылады.

Жерлерді жақсарту бойынша күрделі шығындардың есебі мынадай іс-шаралар бөлінісінде жүргізіледі: жер учаскелерін жоспарлау, егін егілетін алаңдарды өңдеу, арам шөптерден тазарту, алып отырған алаңдарын және әрбір іс-шара бойынша орындалған жұмыстардың құны көрсете отырып су қоймаларын тазалау.

«Қаржыландыру (түсім) көзі» бағанында жануарларды (өнімді мал), ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты емес өсімдіктерді қаржыландыру (түсім): бюджеттік 5011 «Бюджет қаражаты есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 5012 «Сыртқы қарыздар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 6010 «Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін табыс» қосалқы шоттары/шоттары бойынша немесе бюджеттен тыс 6050 «Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін табыс», 6110 «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түсетін табыстар», 6330 «Активтерді ақысыз алудан түсетін табыс» шоттары бойынша көрсетіледі.

№ ОС-8 түгендеу карточкасында шығарылған ұзақ мерзімді активтер бойынша ғана жинақталған амортизация сомасы теңгемен, амортизация нормасының шифрі және амортизация соңғы рет есептелген айы мен жылы жазылады. Бұл ретте өнімді мал, буйвол, қашыр, жануарлар әлемінің экспонаттары (хайуанаттар паркінде және басқа ұқсас мекемелерде) бойынша, сондай-ақ пайдалану жасына жетпеген ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты емес көп жылдық екпелер бойынша тозу анықталмайтындығын назарға алу керек.»;

көрсетілген бұйрыққа 12-қосымшада:

№ БА-3 нысананың ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«2610 «Жануарлар» шоты бойынша биологиялық активтерді (жануарларды) есепке алу үшін қолданылады. «Қаржыландыру (түсім) көзі» бағанында биологиялық активтерді (жануарларды) қаржыландыру (түсім) көзі: бюджеттік 5011 «Бюджет қаражаты есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 5012 «Сыртқы қарыздар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 6010 «Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін табыс» қосалқы шоттары/шоттары бойынша немесе бюджеттен тыс 6050 «Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін табыс», 6110 «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түсетін табыстар», 6330 «Активтерді ақысыз алудан түсетін табыстар» шоттары бойынша көрсетіледі. № БА-3 нысаны бойынша түгендеу карточкасы бухгалтерияда әрбір объектіге жүргізіледі. «Жиналған амортизациялау сомасы, теңге» бағаны істен шығарылған ұзақ мерзімді активтер бойынша ғана толтырылады. Нысан бір данада объектінің түсуіне, оның қозғалысына және істен шығуына (есептен шығарылуына) арналған құжаттар негізінде толтырылады.»;

көрсетілген бұйрыққа 13-қосымшада:

№ БА-3А нысанының ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«2620 «Көп жылдық екпелер» шоты бойынша биологиялық активтерді (өсімдіктерді) есепке алу үшін қолданылады. «Қаржыландыру көзі (түсімдер)» бағанында биологиялық активтерді (өсімдіктерді) қаржыландыру көзі (түсімдер): бюджеттік 5011 «Бюджет қаражаты есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 5012 «Сыртқы қарыздар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 6010 «Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін табыстар» қосалқы шоттары/шоттары бойынша немесе бюджеттен тыс 6050 «Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін табыстар», 6110 «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түсетін табыстар», 6330 «Активтерді ақысыз алудан түсетін табыстар» шоттары бойынша көрсетіледі. № БА-3А нысаны бойынша түгендеу карточкасы бухгалтерияда әрбір объектіге жүргізіледі. «Жиналған амортизациялау сомасы, теңге» бағаны шығарылған ұзақ мерзімді активтер бойынша ғана толтырылады. Нысан бір данада объектінің түсуіне, оның қозғалысына және істен шығуына (есептен шығарылуына) арналған құжаттар негізінде толтырылады.

көрсетілген бұйрыққа 16-қосымшада:

№ ОС-13 нысанының ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

«№ ОС-13 нысаны бойынша ұзақ мерзімді активтерді түгендеу тізімі мынадай шоттар бойынша: 2310 «Жер», 2320 «Ғимараттар», 2330 «Құрылыстар», 2340 «Беріліс қондырғылары», 2350 «Көлік құралдары», 2360 «Машиналар және жабдықтар», 2370 «Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы», 2380 «Өзге негізгі құралдар», 2510 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік», 2610 «Жануарлар», 2620 «Көп жылдық екпелер», 2710 «Материалдық емес активтер» шоттары бойынша, сондай-ақ концессия шарттары бойынша ұзақ мерзімді активтерді есепке алу үшін жүргізіледі. Ұзақ мерзімді активтер объектілерінің (заттардың) орналасқан (пайдалану) жерлерінде әр объектілік есеп үшін, сондай-ақ әрбір материалдық-жауапты адам бойынша қолданылады. 5 «Қаржыландыру көзі (түсімдер)» бағанында ұзақ мерзімді активтерді қаржыландыру көзі (түсімдер): бюджеттік 5011 «Бюджет қаражаты есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 5012 «Сыртқы қарыздар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру», 6010 «Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін табыстар» қосалқы шоттары/шоттары бойынша немесе бюджеттен тыс 6050 «Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін табыстар», 6110 «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түсетін табыстар», 6330 «Активтерді ақысыз алудан түсетін табыстар» шоттары бойынша көрсетіледі.

Ұзақ мерзімді активтердің олардың орналасқан (пайдалану) жерлері бойынша әр объектілік есептеу деректері ұзақ мерзімді активтерді түгендеу есеп карточкаларындағы бухгалтерлік қызмет жасаған жазбаларға барабар.»;

көрсетілген бұйрыққа 56-қосымшада:

№ 405 нысан ескертуінің мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірнеше есептесу-төлеу ведомостары жазылатын мемлекеттік мекемелерде, сондай-ақ орталық бухгалтерияларда бұл ведомостардың қорытындысы бойынша жиынтық есептесу ведомостары жасалады, мұның өзі жалақы жөніндегі мемориалдық ордер болып табылады, ол 3230 «Стипендианттарға қысқа мерзімдік кредиторлық берешек» және 3240 «Қызметкерлер алдындағы қысқа мерзімдік кредиторлық берешек» шоттары бойынша жүргізіледі. № 405 нысан бойынша Жиынтық негізінде 5 мемориалдық ордерде 3121 «Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімдік кредиторлық берешек» қосалқы шоты бойынша жеке табыс салығын ұстап қалу, 3122 «Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімдік кредиторлық берешек» қосалқы шоты бойынша әлеуметтік салықты есептеу, 3141 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімдік кредиторлық берешек» қосалқы шоты бойынша

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарды аудару, 3142 «Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімдік кредиторлық берешек» қосалқы шоты бойынша міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу, 3244 «Уақытша жұмысқа жарамсыздық жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімдік кредиторлық берешек» қосалқы бойынша уақытша жұмысқа жарамсыздық жөніндегі әлеуметтік жәрдемақыны есептеу және өзге де ұстап қалулар мен есептеулер жүргізіледі. Айдың аяғында қорытындылар шығарылды, олар № 308 «Бас журнал» нысаны бойынша кітапқа және талдамалы есеп тізілімдемесіне тиісті корреспонденцияда жазылады.»;
көрсетілген бұйрыққа 91-қосымшада:

№ 460 нысан ескертуінің мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

«№ 460 нысан бойынша есепке алу ведомості кірістердің әрбір түрі (тобы) жөнінде 4310 «Алдағы кезеңдердің кірістері» шоты бойынша алдағы кезеңдердің кірістерін талдамалы есептеу үшін қолданылады. № 460 нысан бойынша Есепке алу ведомості т о қ с а н с а й ы н ж а с а л а д ы ;

14, 22, 23, 26, 39, 50, 52, 59, 64, 65, 66, 72, 76, 77, 81, 98, 99, 100, 101, 108-қосымшалар осы бұйрыққа 1-20-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын; осы бұйрыққа 21-24-қосымшаларға сәйкес 121-124-қосымшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (З.А. Ерназарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2013 жылғы 12 қазандағы
 № 480 бұйрығына

1-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 міндетін атқарушының
 2011 жылғы 2 тамыздағы
 № 390 бұйрығына
 14-қосымша
 № НОС-6 нысан

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

Материалдық емес активтерді есепке алудың түгендеу карточкасы

Қысқаша сипаттама _____

Есепке алуға қабылдау күні және құжаттың нөмірі	Тіркеу нөмірі	Синтетикалық есеп	Қаржыландыру (түсім) көзі	Өзіндік бағасы (бастапқы құны), теңге	Амортизациялау нормасының шифры/ немесе пайдалы пайдалану мерзімі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Амортизациялау нормасы, %	Жинақталған амортизациялау сомасы, теңге	Шығу/ішкі орналастыру		Шығу себебі	Соңғы рет амортизация есептелген ай және жыл
		Күні	Атауы, күні мен құжаттың №		
7	8	9	10	11	12

Карточканы толтырған _____ «__» _____ ж.
 лауазымы қолы аты-жөні

Е с к е р т у :

2710 «Материалдық емес активтер» шоты бойынша, сондай-ақ концессиялық

шарттар бойынша материалдық емес активтерді есепке алу үшін мемлекеттік мекемеге түскен материалдық емес активтердің барлық түрлерін есептеу үшін қолданылады. 4 «Қаржыландыру (түсім) көзі» бағанында материалдық емес активтерді қаржыландыру (түсім) көзін көрсету қажет: бюджеттік – 5011 «Бюджеттік қаражат есебінен капиталдық салымдарды қаржыландыру», 5012 «Сыртқы қарыздар есебінен капиталдық салымдарды қаржыландыру», 6010 «Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін табыс» қосалқы шоттары/шоттары бойынша немесе бюджеттен тыс – 6050 «Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін табыс», 6110 «Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатудан түсетін табыс», 6330 «Активтерді ақысыз алудан түсетін табыс» шоттары бойынша. № НОС-6 нысаны бойынша Түгендеу карточкасы бухгалтерлік қызметпен материалдық емес активтердің әрбір жеке объектілері үшін ашылады. Бұл ретте 8 «Жинақталған амортизация сомасы, теңге» және 12 «Соңғы рет амортизация есептелген ай мен жыл» бағандары ұзақ мерзімді актив істен шыққан к е з д е г а н а т о л т ы р ы л а д ы .

Нысан мемлекеттік мекемелердің материалдық емес активтердің объектілерін алған фактісін растайтын құжаттар: «Материалдық емес активтерді қабылдап алу-тапсыру актісі», техникалық және басқа құжаттар негізінде бір данада толтырылады.

Басқа мемлекеттік мекемеге беру кезінде материалдық емес активтердің істен шыққаны туралы белгі үшін «Материалдық емес активтерді қабылдап алу-тапсыру актісі» негіз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 2 қ а з а н д а ғ ы
№ 4 8 0 б ұ й р ы ғ ы н а
2-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 т а м ы з д а ғ ы
№ 3 9 0 б ұ й р ы ғ ы н а
22-қосымша
№ 438 нысан

Мемлекеттік мекеменің атауы (орталықтандырылған бухгалтерия)

9 мемориалдық ордер ____ ж.

Ұзақ мерзімді активтерді шығару

және орналастыру бойынша жинақтау ведомості

--	--	--	--	--	--

р/с №	Күні	Құжаттың нөмірі	Құжаттың атауы	Материалдық-жауапты адам	Мемлекеттік мекеменің коды										
1	2	3	4	5	6										
Шоттар/субшоттар дебеті				Шоттар/субшоттар кредиті				Екінші жазбалар							
			Жиыны								Жиыны	Дт	Дт	Дт	
												Кт	Кт	Кт	
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Орындаушы

_____ лауазымы қолы аты - жөні

Бас бухгалтер

_____ қолы аты - жөні

Қосымша _____ парақ

Е с к е р т у :

Жинақтаушы ведомость № 438 нысаны бойынша 2310 «Жер», 2320 «Ғимарат», 2330 «Құрылыс», 2340 «Беріліс қондырғысы», 2350 «Көлік құралдары», 2360 «Машина және жабдық», 2370 «Құралдар, өндіріс және шаруашылық мүкәммал», 2411 «Аяқталмаған құрылыс», 2380 «Өзге негізгі құралдар», 2510 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік», 2610 «Жануарлар», 2620 «Көп жылдық екпелер» және 2710 «Материалдық емес активтер» шоттары бойынша өзге материалдық-жауапты тұлғаларға шығарылатын және көшірілетін ұзақ мерзімді активтердің объектілерін (заттарын) есептеу үшін қолданылады. Ведомостке жазба ұзақ мерзімді активтердің істен шығарылуы және көшірілуі бойынша әрбір құжат бойынша (№ НҚ-4, 443, 444-нысандары және ұзақ мерзімді активтерді шығару және көшіру бойынша өзге құжаттар) ж а с а л а д ы .

Ұзақ мерзімді активтердің істен шығарылатын объектілері жөніндегі шоттар бойынша мынадай жазбалар жасалады: 7420 «Ұзақ мерзімді активтерді істен шығару бойынша шығыстар» шотының (қалған теңгерімдік құны бойынша) және 2391 «Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы», 2521 «Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жинақталған амортизациясы», 2631 «Биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы» және 2721 «Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы» қосалқы шоттарына дебет (жинақталған амортизация сомасына), ұзақ мерзімді активтерді есептеу шоттарының кредиті бойынша: 2310 «Жер», 2320 «Ғимарат», 2330 «Құрылыс», 2340 «Беріліс қондырғысы», 2350 «Көлік құралдары», 2360

«Машина және жабдық», 2370 «Құралдар, өндіріс және шаруашылық мүкәммал», 2380 «Өзге негізгі құралдар», 2411 «Аяқталмаған құрылыс», 2510 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік» және 2710 «Материалдық емес активтер» (Өзіндік құны (бастапқы құны) бойынша), 2610 «Жануарлар», 2620 «Көп жылдық екпе» (әділ құн (өзіндік құны) бойынша). Амортизация сомасын есептеу үшін түгендеу карточкаларының деректері пайдаланылады.

Айдың соңында жинақтаушы ведомосттің № 438 нысаны жөніндегі барлық бағандары бойынша жиыны есептеледі, бұл ретте «Жиыны» бағанында істен шығарылған және көшірілген ұзақ мерзімді активтер сомасы жазылады, ол шоттар/қосалқы шоттар дебеті бойынша жазба сомасына тең болуы тиіс. Мемориалдық ордерге жасаушы және бас бухгалтер немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды, одан кейін деректер № 308 нысанындағы «Бас журнал» кітабына енгізіледі. Тиісті жазбалар сол сияқты түгендеу карточкаларына жүргізіледі, олар картотекадан алынады, бірақ анықтамалық құжат ретінде сақталады.

Бір уақытта капиталдың салымды қаржыландыруды тұтынуға (толығымен амортизацияланбаған ұзақ мерзімді активтер жағдайында), жетіспеушілікті айыпты тұлғаға жатқызуға және бюджет алдында айыпты тұлғаның жетіспеушілікті өтеуі бойынша міндеттемені есептеуге (бюджет кірісіне өндіріп алуға жататын жетіспеушілік анықталған жағдайда) екінші жазба жасалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 2 қ а з а н д а ғ ы
№ 4 8 0 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 т а м ы з д а ғ ы
№ 3 9 0 б ұ й р ы ғ ы н а

23-қосымша
№ 443 нысан

Мемлекеттік мекеменің атауы (орталықтандырылған бухгалтерия)

Келісілді

Бекітемін:

Мемлекеттік басқару органының басшысы

Мемлекеттік мекеменің басшысы

қолы аты-жөні

қолы аты-жөні

М.О « »

ж « »

ж.

Мемлекеттік мекеменің коды	Түгендеу нөмірі	Негізгі есеп	Корреспонденцияланатын есеп	Бөлім, бөлімше

_____ ж. құралдарды, өндірістік және шаруашылық инвентарларды баланстан есептен шығарудың № _____ актісі

М ы н а д а й

қ ұ р а м д а ғы

к о м и с с и я

_____ төрағаның және комиссия мүшелерінің аты-жөні, лауазымы «__» _____ ж. № _____, бұйрықпен (өкіммен) тағайындалған өндірістік және шаруашылық инвентарлардың жарамсыздығын анықтап, бөлімшенің, кабинеттің және осыған ұқсастың атауына тексеру жүргізген _____

және жөндеуге жатпайтынын, есептен шығаруға және есептен алып тастауға жататын төменде санамаланған құндылықтар сатылуға жарамайтындығын немесе басқа мемлекеттік мекемеге беруге жарамайтындығын белгіледі:

р/с №	Түгендеу нөмірі	Атауы мен сипаттамасы (марка, сұрып және басқа)	Түскен күні	Пайдалану мерзімі	Заттардың саны	Бірліктегі бағасы	Жиыны			Жарамсыздық себебі	М т	
							Сомасы (бастапқы құны бойынша, теңге)	Жинақталған амортизациялау сомасы, теңге	Баланстық құны, теңге			

осылай соңына дейін (16-тармақ арқылы сызықтау)

№ 443 н. сырт жағы

О с ы

а к ті

б о й ы н ш а

б а р л ы ғы

_____ ж а з б а ш а с а н ы жалпы сомасы _____ теңге _____ тиын

К о м и с с и я н ы ң

а й р ы қ ш а

е с к е р т у і

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы :

лауазымы қолы аты - жөні

Комиссия мүшелері:

лауазымы қолы аты - жөні

лауазымы қолы аты - жөні

лауазымы қолы аты - жөні

Осы актідегі мүліктерді жауапты сақтауға қабылдады _____ «__»__ ж., «__» _____ ж. сол комиссияның қатысуымен осы актіде аталған құралдарды, өндірістік және шаруашылық мүкәммалды жою (бұзу).

жазбаша сомасы

Түгендеу карточкасында құралдарды, өндірістік, шаруашылық мүкәммалды шығарғаны белгіленді. Комиссия төрағасы:

лауазымы қолы аты - жөні

Комиссия мүшелері:

лауазымы қолы аты - жөні

лауазымы қолы аты - жөні

лауазымы қолы аты-жөні

Қоймашы

қолы аты - жөні

«__» _____ ж.

Ескерту:

№ 443 нысан бойынша акт 2370 «Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкәммал» шоты бойынша екі данада жасалады. Бірінші дана бухгалтерлік қызметке беріледі, ал екіншісі материалдық-жауапты тұлғада қалады.

Ескі және жарамсыз құралдарды, өндірістік және шаруашылық мүкәммалды есептен шығару мемлекеттік мекеменің басшысы бекіткен № 443-нысан бойынша есептен шығаруға арналған акті негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері өз жүйесі үшін бекіткен жұмыс істеу мерзімін ескере отырып жүргізіледі.

«Келісілді» грифі мемлекеттік мекеменің өндірістік және шаруашылық мүкәммалды есептен шығаруға арналған актісі № 443-нысан бойынша мемлекеттік басқару органымен келісілген жағдайда толтырылады.

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

министрінің

2013 жылғы 12 қазандағы

№ 480 бұйрығына

4-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

министрінің

міндетін

атқарушының

2011

жылғы

2

тамыздағы

№ 390 бұйрығына

26-қосымша

№ М-2а нысан

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

Сенімхат «__» _____ жылға дейін жарамды

тұтынушының атауы, БСН/ЖСН және оның мекенжайы

төлеушінің атауы, БСН/ЖСН және оның мекенжайы

ЖСК № _____

Қазынашылық органының атауы

СЕНІМХАТ № _____

Берілген күні «__» _____ ж.

Берілді _____

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

Төлқұжат, жеке бас куәлігінің № _____ «__» _____ ж.

берілді.

Алуға _____

өнім берушінің атауы

_____ бойынша тауарлық-материалдық құндылықтарды құжаттың

нөмірі мен атауы

№ М-2а н. сырт жағы

Алуға жататын тауарлық-материалдық құндылықтардың тізбесі

р/с №	Тауарлық-материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны (жазбаша)
1	2	3	4

Сенімхат алған тұлғаның қолын _____ куәландырамыз

сенімхат алған тұлға қолының үлгісі

Мемлекеттік

мекеменің

басшысы _____

қолы аты-жөні

М.О.

Бас бухгалтер _____

қолы аты-жөні

Е с к е р т у :

Жеке лауазымды тұлғаның белгілі бір материалдық құндылықтарды алу кезінде сенімгер ретінде әрекет ету құқығын ресімдеу үшін қолданылады. Бір данадағы сенімхатты бухгалтерлік қызмет (орталықтандырылған бухгалтерия) қолхатпен береді. № М-2а-нысан бойынша сенімхатты тауар-материалдық құндылықтарды алуы бір жолғы сипатқа ие мемлекеттік мекемелер қолданады. № М-2а-нысан бойынша сенімхатты берген кезде берілген сенімхаттардың алдын ала нөмірленген және тігілген есеп журналында (№ М-3-нысан) тіркеледі.

Мемлекеттік мекемелер № М-2а-нысан бойынша Сенімхаттың әрекет ету мерзімін тиісті құндылықтардың алыну және шығарылу мерзіміне байланысты белгілейді, бірақ он күнтізбелік күннен артық емес.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 2

қ а з а н д а ғ ы

№ 4 8 0

б ұ й р ы ғ ы н а

5-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2

т а м ы з д а ғ ы

№ 3 9 0

б ұ й р ы ғ ы н а

39-қосымша

№ 395 нысан

Мұқаба үлгісі

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы _____

Жануарларды есепке алу кітабы

Осы үлгі бойынша № 395 н. барлық парағын басып шығару

Жануарлар түрі _____

Жастық тобы _____

Есеп _____

Күні				Дебет		

	Мемориалдық ордердің №	Жануардың түскен күні	Жазбаның мазмұны (жануар қайдан әкелінді, қайда апарылды)	Мал басының саны	Салмағы, кг	Сомасы, теңге

Жалғасы

Кредит			Қалдық		
Мал басының саны	Салмағы, кг	Сомасы, теңге	Мал басының саны	Салмағы, кг	Сомасы, теңге

және с.с. соңына дейін (16-тармақ арқылы сызықтау)

Е с к е р т у :

1319 «Өзге материалдар» қосалқы шоты бойынша жас малды және бордақылаудағы малды талдамалы есептеу үшін қолданылады. Кітапта № 395 нысан бойынша жас малды, бордақылаудағы малды түрлері мен жас топтары бойынша жеке талдамалы есеп ашылады.

Кітаптың орталықтандырылған бухгалтериясында № 395 нысан бойынша қызмет көрсететін әрбір мемлекеттік мекеме бойынша ашылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 2

қ а з а н д а ғ ы

№ 4 8 0

б ұ й р ы ғ ы н а

6-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2

т а м ы з д а ғ ы

№ 3 9 0

б ұ й р ы ғ ы н а

50-қосымша

№ 434-з нысан

Мемлекеттік мекеменің (орталықтандырылған бухгалтерияның) атауы

Бөлімше _____

Б е к і т е м і н :

Мемлекеттік

мекеменің

басшысы

қ о л ы

а т ы - ж ө н і

«__» _____ ж.

Қорларды ішке орналастырудың жүк құжаты

--	--	--	--	--	--	--	--

Құжаттың нөмірі	Жасалған күні	Мемлекеттік мекеменің коды	Алушы	Жөнелтуші	Шығыстар ерекшелігі	Корреспонденцияланатын шот/қосалқы шот
Қорлардың атауы	Өлшем бірлігі	Номенклатуралық нөмірі	Саны	Бағасы	Сомасы, теңге	

Барлық жөнелтілген атаулар _____ сомасы _____ теңге

Жөнелтуге рұқсат берген _____

 лауазымы қолы аты - жөні

Бас бухгалтер _____

 қолы аты - жөні

МО
 Тапсырды (берді) _____

 қолы аты - жөні

Қабылдады (алды) _____

 қолы аты-жөні

Е с к е р т у :

№ 434-з нысан бойынша жүк құжат 1310 «Материалдар» шотының қосалқы шоты және 1320 «Аяқталмаған өндіріс», 1330 «Дайын өнім», 1340 «Тауарлар», 1350 «Жолдағы қор» шоттары бойынша қорды қоймаға (қоймашық) немесе қоймадан (қоймашық) қабылдау немесе алуды, ішкі көшірілуін ресімдеу үшін қолданылады. № 434-з-нысаны екі данада жасалады. Бухгалтерлік қызметке № 434-з нысаны бойынша жүк құжат ілеспе құжат алушының қолхатымен ресімделген тізілім негізінде беріледі.

Қ а з а қ с т а н Республикасы
 Қ а р ж ы министрінің
 2 0 1 3 жылғы 12 қазандағы
 № 4 8 0 б ұ й р ы ғ ы н а

7-қосымша
 Қ а з а қ с т а н Республикасы
 Қ а р ж ы министрінің
 м і н д е т і н атқарушының
 2 0 1 1 жылғы 2 тамыздағы
 № 3 9 0 б ұ й р ы ғ ы н а

52-қосымша
 № 443-а нысаны

Мемлекеттік мекеменің атауы (орталықтандырылған бухгалтерия)

Б е к і т е м і н :

Мемлекеттік

мекеменің

басшысы

Қ О Л Ы

а т ы - ж ө н і

« ____ » _____ ж.

Мемлекеттік мекеменің коды	Негізгі есеп	Корреспонденцияланатын есеп	Бөлім, бөлімше
----------------------------	--------------	-----------------------------	----------------

арнайы киімді және жеке пайдаланудағы басқа да заттарды баланстан есептен шығарудың № ____ актісі

Мынадай құрамда комиссия _____ лауазымы Төрағаның және комиссия мүшелерінің аты-жөні

" ____ " _____ жылғы № _____ бұйрығымен (өкімімен) тағайындалып, арнайы киім мен жеке пайдаланатын басқа да заттардың жарамсыздығын анықтады _____

пайдаланған және сатылмайтын жөндеуге келмейтін немесе басқа мемлекеттік органға берген бөлімшелердің атауы мына құндылықтар есептен шығарылады, алып тасталынады:

р/с №	Атауы мен сипаттамасы	Түскен күні	Пайдалану мерзімі	Заттардың саны	Бағасы	Сомасы, теңге	Жарамсыздық себебі	Материалдық-жауапты адам

осылай соңына дейін (16-тармақ арқылы сызықтау)

№ 443-а н. сырт жағы

Осы акті бойынша барлығы _____

жалпы сомасы _____ саны жазбаша _____ теңге _____ тиын

Комиссияның айрықша ескертулері _____

Комиссия төрағасы _____

лауазымы қолы аты-жөні

Комиссия мүшесі: _____

лауазымы қолы аты-жөні

лауазымы қолы аты-жөні

лауазымы қолы аты-жөні

Осы актіде жазылған мүліктерді жауапты сақтауға қабылдаған
"_____" ж.,
